



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Безруков. В.С. Мектептегі заманауи сабақ туралы барлығы: мәселелер мен шешімдер, 3-М шығарылым; 2004 – 127 б.
2. Құсайынов Ә. Өлемдегі және Қазақстандағы білім сапасы. – Алматы, 2013 ж.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауы. Қазақстан Республикасының кіру стратегиясы бәсекеге қабілетті 50 елдің саны, 2012 ж
4. Скаткин М.Н. Оқу процесін жетілдіру. М., 1971 ж.

ӘОЖ 378.1

**ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ**

Нұрсұлтанқызы А.,  
Джумадельдинова А.А.  
пед. ғыл. маг., оқытушылар  
Уразбаева Жайна Бериковна  
студент  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті  
Педагогика факультеті  
Қарағанды қ., Қазақстан  
n.aikerim95@mail.ru

**Аңдатпа**

*Толықтай сөздің тобықтай түйіні: кез-келген істің басы “бисмиллях” болатын болса, кез-келген қасиеттің негізі “тәрбие”. Ғұлама – Әль-Фараби бабамыз: “Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы!” – дейді. Білімді де, ғылымды да уақыт өте келе үйренуге, оқуға, жетілдіруге болады. Ал, тәрбиеге бала дүние есігін ашқан мән бермесе, өсе келе түзету қиын болады. Бала да жаңа өскен жас шыбық сияқты. Қазір қисықтығын түземесе, ертең діңгегі қатайғаннан кейін не қисық ағаш болады, не сол қисықтығынан бір күні сынады...*

**Түйінді сөздер:** Ұрпақ, тәрбие, қоғам, құндылықтар.

**Аннотация**

*Суть всего слова: если начало любого дела – «бисмиллах», то основа любой добродетели – «образование». Ученый – наш дед Аль-Фараби: "Образование без образования – злейший враг человечества!" – говорит. И знания, и науку можно изучать, изучать и совершенствовать с течением времени. И если ребенок не уделяет внимания воспитанию, исправить это, когда он вырастет, будет сложно. Ребенок как новый росток. Если кривизну не исправишь сейчас, то завтра, когда ствол затвердеет, будет либо кривое дерево, либо однажды оно от этой кривизны сломается...*

**Ключевые слова:** поколение, образование, общество, ценности

**Abstract**

*The essence of the whole word: if the beginning of any business is "Bismillah", then the basis of any virtue is "education". The scientist is our grandfather Al-Farabi says that: "Education without education is the worst enemy of humanity!". Both knowledge and science can be studied, studied and improved over time. And if a child does not pay attention to education, it will be difficult to fix it when he grows up. The child is like a new sprout. If you don't fix the curvature now, then tomorrow, when the trunk hardens, there will either be a crooked tree, or one day it will break from this curvature...*

**Key words:** generation, education, society, values

Ұрпақ тәрбиесі – болашақ тірегі. Тірегіміздің берік болуы үшін не істеуіміз керек? Жас ұрпақтың бойына қандай құндылықтарды сіңіргеніміз абзал? Осынау өзекті сауалдар хақында мен де өзімнің ішкі толғанысымды қағаз бетіне түсірдім. Тәрбие-тал бесіктен. Бала ананың құрсағын да жатқан кезден ақ тәрбиеленеді ананың әрбір істеген іс қимылы оның ойлаған ойы барлығы дерлік балаға әсер етеді. Бала бойына біткен кезден ананың балаға берген ақ сүтінен бастап ақ тәрбиеленеді. Баланы тәрбиелеу соншалықты күрделі емес егер дұрыс бағыт-бағдар бере алсаң. Тәрбие баламен әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде.

Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек. Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы-іс. Ұлы істердің бастауының бұлағы, қайнар көзі отбасы[1].

“Тәрбие – тал бесіктен!”. Рас, адам баласы ананың құрсағына біткен кезінен бастап өзінің сезімталдық қабілеті арқылы тәрбиелене бастайды. Сол себепті де ананың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, сөйлеу әдебі дұрыс болуы өте маңызды. Осы тұрғыда ғалымдар мен психолог мамандар әуезді әндер нәрестенің ойлау қабілеті мен қиялының дамуына зор ықпал ететінін айтады. Бүгінгі қоғамда жастар арасындағы тәртіпсіздік пен көргенсіздік, батыс мәдениетіне еліктеушілік көбеюде. Сәйкесінше, қарттар үйлері мен балалар үйінің де саны арту да. Бұның себебі неде? Бұның негізгі себебі дұрыс тәрбиенің болмауы. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ. Әр шаңырақта бала санының азаюына байланысты, ата-ананың баласын шектен тыс еркелетуінен шолжаң, тіл алмайтын, білгенін істейтін жастар өсуде. Қазақ философиясына үңілер болсақ бала тәрбиесі туралы былай дейді: “Балаңды бес жасқа дейін патшаңдай күт, Бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, Он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас!”. Ал, бүгінгі күні баланы жұмсамақ түгілі, айтқанынан шықпай, “ақ” дегенін – алғыс, “қара” дегенін – қарғыс деп, сөзін екі етпейтін ата-аналар жетіп артылады. Бала тәрбиесінің ең үлкені – оны еңбекке баулу. “Балаңды аясаң, аяма!” – дейтін әдемі сөз бар. Спандияр Көбеевтің: “Еңбекке тәрбиелемей тұрып, балаға дұрыс тәрбие бердім, – деп айту екі талай.” – деген сөзін де сөзге тиек еткенім жөн.

Бірде қоғамдық көлікте екі ата-анының әңгімесін естіп жағамды ұстадым. Сөздерінше балалары мектептің 5-6 сынып оқушылары екен. Бір ата-ана: менің қызым боқ ауыз сөздер айтады, тәртібі нашарлап барады,- десе, екіншісі: сенің қызың ғана емес, қазір мұғалім нашар ғой, менің де ұлымның тәртібі нашар, айтпайтынды айтады,- дейді. Балықтың басынан шірігеніне көзім жетті. Қалайша? Сонда ата-аналар бар жауапкершілікті ұстаздарға артып қойып, өздері баласынан қандай үміт күтпек? “Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды!” – деген мәтелді бұл кісілер естімеген бе? “Тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ!” – дейді. XIV ғасырдағы Алтын орда дәуірінің көрнекті өкілі Саиф Сараи. Осы кісілерге қарап, “Бала тәрбиесін, үлкендерді тәрбиелеуден бастау керек!” – деп ойладым іштен тынып. Қай ғұлама ғалымның еңбегіне қарасақ та, қай ақын жазушыны оқысақ та барлығының айтатыны “тәрбие”. “Ұл тәрбиелей отырып, халықты, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз”. Балаға берілген дұрыс тәрбие – бұл бақытты көрілік, қате тәрбие біздің келешектегі сорымыз, біздің көз жасымыз. Тәрбие бердім, – деп айту екі талай.” – деген сөзін де сөзге тиек еткенім жөн. Жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру заманымыздың өткір талабы екендігі айқын. Жаһандану уақытында білім беру жүйесінде тәрбие беру ұлттық және рухани негізде үйлестіре жүргізуді қажет етеді. Осыған орай адам тәрбиелеу – адамзаттың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, азаматтық борышы[2].

Ықылым заманда айтылған «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген Платонның сөзі бар. Өйткені ұрпақ тағдыры дегеніміз – қай заманда да ұлт тағдыры. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешілуде. Бүгінгі тәжірибемізде жастарға адамгершілік-рухани құндылықтардың даму жолдарын айқындап беру өзекті мәселе болып отыр.

Білім беру ұйымдарының алдындағы негізгі мақсаты – жастардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытып, қалыптастыру жолдарын ғылыми және практикалық тұрғыда зерттеу әрі оның әдістемесін жасау. Білім беру жүйесінде тәрбиенің оқытудан басымдылығы және шын мәнісінде, тәрбиені оқытудың құрамдасы ретінде енгізу, адам бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру, оны тәжірибеде қолдану қағидалары қарастырылады.

Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Бұл жастардың санасында рухани жаңғырудың басымдықтарын қалыптастырудың өзектілігін айқындады. Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар қазіргі қоғамдағы білім беру мәселелерінің өзегі болғанда ғана өз шешімін табады. Сондықтан болашақ мұғалім алдымен өзінің жоғары рухани табиғатын жете түсінуі және жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолданудың үлгісі болуы тиіс. Сонда ғана ол әрбір оқушыға рухани-адамгершілік білімді жеткізе алмақ

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.);
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту – өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлтық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажетілі болып табылады[3].

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. <http://edunews.kz/articiles/403-rpa-trbies-bolasha-treg.html>
2. <https://bilim-all.kz/article/10697-ZHas-urpaqty-ulattyq-qundylyqtar-arqyly-tarbieleu>
3. <https://www.tarbie.kz/25332>